



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы»ЖММ

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Рудный қаласы 2024ж

Білім беру ұйымы туралы негізгі мәліметтер

Білім беру ұйымының толық атауы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер	
▪ Облыстың атауы	Қостанай облысы
▪ Қала/ауыл	Рудный қаласы
▪ Көше атауы	П.Корчагин көшесі 153 үй
Пошта мекен-жайының индексі	111500
Web-сайт:	http://rudnymektep7.edu.kz/
Электронды пошта:	rudnymektep7@edu.kz rudny-sh7-kaz@yandex.kz
Заңды тұлғаның, басшының аты-жөні	Бірманова Қымбат Исламбекқызы
Мектеп басшының байланыс нөмірлері (жұмыс/ұялы телефон)	8714(31)7-95-24 87754987308
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы) құжаттары	Мемлекеттік лицензия негізінде Қостанай облысы әкімдігі 2021 жылдың 5 қаңтары №№22 қаулысы Заңды тұлғаны қайта тіркеу анықтамасы 18.01.2021ж

Меншік иесі /құқық иесі/ туралы мәлімет	Кадастр нөмірі:12:195:003:955 Тіркелген нөмері:№3316735; 05.10.2010ж
--	--

Мазмұны

Бөлім 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары	4
1.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.....	14
1.2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.....	14
1.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.....	15
1.4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.....	16
1.5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.....	19
Бөлім 2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.....	26
2.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.....	136

2.2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.....	198
2.3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.....	203
2.4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.....	242

1.Бөлім Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан еспубликасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы»КММ мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбие мен оқыту қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары:

2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық әдістемелік хат.

Жұмыс оқу жоспары жас кезеңдері бойынша ең жоғары оқу жүктемесін белгілейді және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жасалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған қызметті интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Мектептің мектепалды сыныбы үшін нормативтік жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды.

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жасалды. (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

-оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

- қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

-тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

-тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

- креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

- "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Оқыту процесі келесідей жүзеге асырылады:

-жылжымалы тақырыптарға негізделген перспективалық жоспар;

- циклограмма;

-оқушылардың жетістіктерін бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды)

Перспективті жоспарды тәрбиешілер бір оқу жылына арналған жылжымалы тақырыптар негізінде жасайды. Перспективті жоспарда ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыптары айқындалады.

Перспективті жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау қарастырылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақ мерзімді жоспарлау және үлгілік

оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық тәбиешілеріне оқу іс-әрекетін жоспарға сай жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді түпкілікті жоспарлау енгізілген. Оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында мұғалімдер ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес циклограмма жасайды. Циклограмма балаларды қабылдаудан, ұйымдастырылған оқу іс-шараларын өткізуден (бұдан әрі – Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру) және балаларды үйден шығарудан бастап барлық режимдік процестердің орындалуын қамтамасыз ететін әр аптаға перспективалық жоспарға сәйкес жасалады.

Циклограмма балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу іс-шараларын өткізуден (бұдан әрі – Оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру) және балаларды үйге шығарып салуға дейінгі, барлық режимдік процестердің орындалуын қамтамасыз ететін әр аптаға перспективалық жоспарға сәйкес жасалады.

Циклограмма – балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін, жұмыс уақытын пайдаланудың нақты нұсқауларын жүйелейді. (бағаланатын кезеңдегі циклограммалардың көшірмелері қоса беріледі)

Циклограмманың құрылымы тәулік режиміне сәйкес салынады. (бағаланатын кезеңдегі болжалды кезеңдегі тәулік режимінің көшірме лері қоса беріледі)

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

-перспективалық жоспарға сәйкес оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру тақырыбын анықтау;

- бағдарламалық материалды таратуда жүйелілік пен жүйелілік принципін сақтау;

-бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

-балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану;

- циклограмманың құрылымдық бөліктерін сапалы жоспарлау үшін пәндік-дамытушы ортаны қалыптастыру.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған 2 кабинет МАДС (мектеп алды даярлық сыныбы) жабдықталып, жұмыс істейді. Тәрбиелік іс-шараларды өткізуге арналған арнайы ойын залы, музыка кабинеті, спорт залдары бар. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен дамытуға бағытталған пәндік-бағдарлы орта құрылып, жабдықталған. Оқытудың техникалық құралдары: ғаламторға шығатын компьютер, аудио-бейнетехника, теледидар, проектор экранымен, және музыкалық орталық бар. Дидактикалық-әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны үнемі толықтырылып отыратын база құрылған.

Әр тақырыптарға байланысты сабақтарға арналған презентациялар жинағы, бейне топтамалар қолданыста.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы ақпараттық кеңістік Денсаулық, Қатынас, Әлеумет, Таным, Шығармашылық сынды дағдылар бойынша жүйеленген. Әр түрлі пәндер бойынша қажетті деректер банкі бар. Кабинеттің ресімделіп жабдықталуы және әдістемелік- дидактикалық қамтамасыз етудің мазмұны жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетін ұйымдастырып құруға мүмкіндік береді.

Пәндік-дамыту салалары бойынша көрсетілім, үлестірме материалдары жүйеленген.

Қоршаған ортаны дамытатын, өмір сүру жағдайларын қалыптастыратын, сюжетті-рөлдік ойындар қоры жеткілікті.

МАДС сыныптарындағы дамытушылық орта оқу іс-әрекетін дамытуға бағытталып жасақталған және өзін-өзі қамтамасыз етеді. Танымдық-қызығушылығын оқытуды ұйымдастыру МЖМБС талаптарға сай тәрбиеленушілердің іс-әрекетіне бағдарланған, дамудың барлық бағыттарын қамтамасыз етеді.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы .

Мектепалды даярлық сыныптарында арнаулы-орта білімі бар-1, жоғары білімі бар-2 маман «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша 3 педагог жұмыс жасайды. Қуанышбаева Р.Б. жоғары санатты, Айткужина А. Б. Педагог-сарапшы, Куркемшиева Б.А.педагог «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар.

Педагогтар МЖМБС үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етеді. (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтар дипломдарының көшірмелері қоса беріледі);

5) Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды эзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

МАДС «Ә» тобының тәрбиеленушісі Жаукарбеков Айсұлтан психологиялық дамудың тежелуі, ОНР3, дыбыстық айтылымның бұзылысы 3 деңгей. Айсұлтанның білім деңгейін бес дағды бойынша көрсеткішін атап өтсем.

1.Физикалық дағды бойынша деңгейі жақсы ,жаттығуларды орындай алады. Спорттық ойындарға белсенді қатысады.

2.Коммуникативтік дағды бойынша деңгейі орташа дыбыстардың бәрін бірдей ажырата алмайды, әріптердің кейбіреуін ғана біледі а, ә, т, с, о, у, м, к т.б барлығын бірдей есінде сақтай алмайды,сөздерді буынға бөле алады. Әріптерді, жазу, сызуды баяу бірақ өте жақсы жазады. Суретпен жұмыс жасауда, әңгіме құрастыруда сәл қиналады.

3.Танымдық және зияткерлік дағды бойынша 10 ға дейінгі сандарды атайды, тура және кері санай алады, шағын мысалдарды шығара алады, үлкен-кіші яғни салыстыруды біледі. Сандарды және түрлі сызықтарды дәптерде жақсы жазады.

4.Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша суретті сала алады, мүсіндеу, жапсыру, құрастыруды жақсы орындайды. 5.Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар бойынша ауызша сұрақтарға жауап беруде қиналады, суретті әңгіме құрастыруда белсенділік танытады.

Қоршаған орта жайлы түсінігі қалыптасқан.

б) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Білім беру үдерісінің тиімділігі, сондай-ақ мектептегі баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін тәрбиешілер типтік бағдарламаның мазмұнын меңгеруін

диагностикаға негіздеп бақылайды (бастапқы қыркүйек айында, ортаңғы-қаңтар айында, қортынды-мамыр айында)

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістігін бақылау, қадағалау;
- баланы дамыту үшін әр баламен жеке жұмыс түрлерін пайдалану;
- түзету әрекеттерін жедел жоспарлау негізінде оқу үдерісін жетілдіру
- баланың бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейін анықтау

Қортынды, нәтижесі «Бақылау парағы» қағазында толтырылады. Алынған қортынды, деректер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасында «Түзету шаралары» бөлімінде диагностикалық деректердің нәтижелері бойынша баланы одан әрі дамыту жұмыс түрлері толтырады.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз байланыста жүргізеді (мектеп алды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму картасының көшірмелері қоса беріледі)

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр саланы ықпалдастырып «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» «Әлеумет» жан-жақты дамуына бағытталған білім беру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған білім мазмұнын енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланың жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік дағдыларды меңгеруде жан-жақты дамуына бағытталған, адамгершілік нормаларын қалыптастыруға жүйеленген.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеті – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту, балаларды мектепке дейінгі білім беруге сапалы дайындауға көңіл бөлу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламалары « Мектепалды топтар мен сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» мектепке дейінгі дайындық негізінде оқу-тәрбие процесіндегі білім беру аймақтарын: «Денсаулық», «Қатынас» , «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» саланы есепке ала отырып оқушының жас ерекшелігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Кіріктірудің жүйесіне сәйкес «Денсаулық» білім беру саласының міндеттерін жүзеге асыру кезінде оқу іс-әрекеті «Әлеумет» , «Таным», «Қатынас» білім беру саласына қатысты дағдыларды қалыптастыруды ықпалдастыра отырып дамытады.

Сала бойынша білім беру мазмұнын ықпалдастыру ұқсас мақсаттар мен міндеттерді тәрбиеленушінің жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалады. Ықпалдастыру принципін жүзеге асыру балалардың танымдық іс-әрекетін дамытудың тұтас жүйесін құруға мүмкіндік береді, қоршаған дүниені оның табиғатына сәйкес тұтас қабылдауды қамтамасыз етеді.

Тәрбиешілер тәрбиеленушілерді әртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысуға тартады. Сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Қатысқан сайыс атауы	қалалық	Нәтижесі
1	Есберген Мустафа	«Папа гордость моя!»	МАДС «Ә»	Сертификат
2	Жанаева Муслима	«Әжем, анам және мен»	МАДС «А»	Диплом «Шебер ана, еңбекқор бала» номинациясы бойынша
3	Ерболатқызы Адина	«Асық» конкурс	Рудный қалалық	Сертификат
4	Даулет Мухаммед-Али	«Асық» конкурс		Сертификат
4	Әміржан Ерназар	«Асық» конкурс	Рудный қалалық	Сертификат
6	Құттықожа Мансұр	«Әнші балапан»	Рудный қаласы	Диплом I дәрежелі
		«Мен зерттеушімін»		Сертификат
№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Қатысқан сайыс атауы	республикалық	Нәтижесі
1	Әсембек Ұлбибі	«Кемел» өнер -білім орталығы «Қыс кереметі» сурет салу	МАДС Ә	Диплом 1-орын Диплом 2-орын
2	Мырзан Көзайым	«Кемел» өнер -білім орталығы «Қыс кереметі»		
3	Жанаева Муслима	«Мәңгілік ел қоғамдық қоры» Алматы қаласы		Диплом 1-орын

Мұқағали оқулары-2024

4	Сламбекова Гулнур Нурсейтовна	ҚР Оқу ағарту министрлігінің “Akberen Education”танымдық- шығармашылық журналы «Ілияс оқулары» конкурс.	МАДС Б	Диплом I орын
		Мың бала зияткерлік орталығы ҚР оқу-ағарту министрлігі республикалық «Мағжан оқулары» конкурсы.		Диплом
		ҚР Оқу ағарту министрлігінің “Akberen Education”танымдық- шығармашылық журналы «Мақатаев оқулары» конкурс		I орын
				Диплом I орын
5	Шакирова Аймира	Мың бала зияткерлік орталығы ҚР оқу-ағарту министрлігі республикалық «Мағжан оқулары» конкурсы.		Диплом I орын
		ҚР Оқу ағарту министрлігінің “Akberen Education”танымдық- шығармашылық журналы «Мақатаев оқулары» конкурс		Диплом I орын
6	Пердебаев Алихан	ҚР Оқу ағарту министрлігінің “Akberen Education”танымдық- шығармашылық журналы «Мақатаев оқулары» конкурс	Республикалық	Диплом I орын
7	Нақып Айзере	ҚР Оқу ағарту министрлігінің “Akberen Education”танымдық- шығармашылық журналы «Мақатаев оқулары» конкурс	Республикалық	Диплом I орын
8	Советова Ақжарқын	Мың бала зияткерлік орталығы ҚР оқу-ағарту министрлігі республикалық «Мағжан оқулары» конкурсы.	Республикалық	Диплом I орын
		ҚР Оқу ағарту министрлігінің		

“Akberen Education” танымдық-
шығармашылық журналы «Мақатаев
оқулары» конкурс

Диплом
І орын

9 Ерболатқызы
Адина

ҚР Оқу ағарту министрлігінің
“Akberen Education” танымдық-
шығармашылық журналы «Ілияс
оқулары» конкурс.

МАДС А

Диплом
І дәрежелі

ҚР Оқу ағарту министрлігінің
“Akberen Education” танымдық-
шығармашылық журналы «Мақатаев
оқулары» конкурс

Диплом
І дәрежелі

10 Құттықожа
Мансұр

ҚР Оқу ағарту министрлігінің
“Akberen Education” танымдық-
шығармашылық журналы «Мақатаев
оқулары» конкурс

МАДС А

Диплом
І дәрежелі

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Қатысқан сайыс атауы	халықаралық	Нәтижесі
1	Нақып Айзере	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы	МАДС Б	Диплом І дәрежелі
2	Сламбекова Гулнур	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом І дәрежелі
3	Советова Ақжарқын	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом І дәрежелі
4	Шакирова Аймира	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом І дәрежелі
5	Мизан Абдуррахман	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом ІІ дәрежелі

6	Пердебаев Алихан	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
7	Смаил Айару	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом II дәрежелі
№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Қатысқан сайыс атауы	халықаралық	Нәтижесі
1	Ерболатқызы Адина	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
2	Темирбек Аяла	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
3	Құттықожа Мансұр	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
4	Жаңбыршы Нурдана	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
5	Исланбек Хамза	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
6	Каиржанова Еркежан	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
7	Куанышбайұлы Кенесары	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
8	Латен Жанерке	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
9	Мақмұт Адель	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
10	Сериикболова Аийда	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі
11	Нургазин Елдос	IQ center Urker «Пони» халықаралық байқауы		Диплом I дәрежелі

8) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

	у	салу	сін деу	пс ыр у	асты ру	ыка	рды қалыпт астыру						
МА ДС «А»	23	86 %	86 %	86 %	86 %	86 %	86 %	82%	82 %	82 %	82%	82%	86%
МА ДС «Ә»	23	95 %	78 %	69 %	65 %	73 %	69 %	73%	73 %	65 %	69%	73%	73%
МА ДС «Б»	22	86 %	86 %	86 %	86 %	86 %	86 %	81%	81 %	81 %	81%	81%	81%
Жал пы	68	89	83%	80%	79%	82%	83%	79%	79	76	77%	79%	82%

Қорытынды 10.05-20.05.24 ж

	Оқу шы сан ы	Физ ика лық қас иет	Коммуникативтік қасиет				Таны мдық дағд ылар ды дамы ту	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту				Әлеуметтік эмоционал д ы дағдылард ы қалыптаст ыру	
			Сөйле уді дамы ту	Көркем әдебие т	Сау ат ашу	Қаза қ тілі		Сур ет салу	Мүс інде у	Жапсы ру	Құрас тыру	муз ыка	
«А »	23	100 %	100%	100%	100 %	100 %	100%	100 %	100 %	100%	100%	100 %	100%
«Ә »	24	95%	95%	91%	95%	95%	91%	95%	91%	91%	91%	91%	91%
«Б »	22	100 %	100%	100%	100 %	100 %	100%	100 %	100 %	100%	100%	100 %	100%
Ж ал пы	69	98%	97 %	98 %	98%	98%	97%	98%	97%	97%	97%	97%	97%

Нәтижесінде тәрбиеленушілер жоғары деңгейді көрсетті.

9) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-мен белгіленеді.

2023-2024 оқу жылы

Мектепалды даярлық сыныптарының аптасына нормативтік оқу жүктемесі "Білім беру туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды сыныптардағы оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды.

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

Мереке күндеріне түскен сабақтар ықпалдастыруды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылады оқу бағдарламаларының мазмұны қайталауға бөлінген сағаттардың есебінен жүргізіледі.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарға арналған оқу үдерісін ұйымдастыру барлық санитариялық нормаларды сақтай отырып, штаттық форматта жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту- білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде өзін-өзі басқару бұл баланың жеке басының әлеуметтік қалыптасуының маңызды деңгейі болып есептеледі.

Балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс, шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық міндеттерді білу және дұрыс шешім қабылдау мақсатта жүргізіледі. Балаларды

мектепалды даярлау мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің соңғы буыны болып табылады, ол баланың бастапқы білім алу үшін бастапқы мүмкіндіктерін теңестіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

2) Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жұмысының барлық түрлерін қамтиды. Мектепалды даярлық сыныптарында сабақтардың ұзақтығы 25-30 минут, олардың арасындағы үзілістер 10-12 минутты құрайды, жылжымалы (Қаражорға биі, асық ойыны, ханталапай, Ақсерек-Көксерек) ойындары ұйымдастырылады. Оқу жүктемесінің жалпы көлемі санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келеді.

1.4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС МДТО-ның үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағды мен құзыреттіліктердің көлемін игеру. МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әрбір білім беру дағдысы бойынша және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі, белгілі білім, білік, дағды және құзыреттілік көлемін игеру бойынша сабақтар топтамасы әлеуметтік желіге жүктелді.

1.5 Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау .

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ Мектептегі мектепалды даярлық сыныптар 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамтиды, олар екі ауысымда оқиды.

2023-2024 оқу жылында 5 жастан 68 тәрбиеленуші қабылданды.

Барлық тәрбиеленушілер МАДС-қа түскен кезде медициналық тексеру комиссиясының ұсынымдарына сәйкес қабылданды.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Мектепалды даярлық сыныптарында оқу –тәрбие үдерісі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 31 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде демалыс белгіленеді. Сыныптардағы тәрбиеленушіні дамыту ортасы жеткілікті, МЖМБС талаптарына сәйкес дамудың барлық дағдыларын қамтамасыз етеді.

Жағымды оқу іс-әрекетердің бірі-МАДС-тан, мектептің 1-сыныбына тұрақты ауысуы.

2 Бөлім.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

2.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі Мектепте жыл сайын мектептің оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленеді, онда педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттары, мектептің әдістемелік мәселесі, мектептің әдістемелік тақырыбы, мектептің ағымдағы оқу жылына

арналған міндеттері көрсетіледі. Әрбір жұмыс жоспары қызметтің негізгі бағыттары бойынша іс-шараларды қамтиды:

1. оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
2. жоғары оқу мотивациясы бар білім алушылармен жұмыс;
3. тәрбие жұмысы;
4. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мектептің қызметі;
5. оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
6. қызметі денсаулығын сақтау, оқушылар.

Жоспарларда мектептің педагогикалық ұжымының білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тұрақты жеке бағдарлары болуға бағытталған жұмысы көрсетілген. Білім беру мазмұнындағы негізгі құндылықтар ретінде қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім беру бұл МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

Мектептің миссиясына сәйкес мектеп ұжымы білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, олардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға, білім алушылардың білім беру сұраныстарына сәйкес келетін білім сапасының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жұмыс жоспарында өз көрінісін тапқан білім берудің адамгершілік парадигмасын іске асыруға міндетті. Мектептің жұмыс жоспарының форматы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес келеді.

Мектептің жылдық жұмыс жоспары жыл сайын тамыз айында өткізілетін мектептің №1 педагогикалық кеңесінде қаралады және оны мектеп директоры бекітеді. Бағаланатын кезеңдегі жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

Негізгі орта білім беру деңгейі

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) стандарты талаптарына сәйкес құрастырылған.

5-9-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж №194 бұйрығымен бекітілген ҮОЖ негізінде әзірленді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің 6-қосымшасы,

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған төмендетілген оқу жүктемесімен берілген 19 -қосымшасы үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынды.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптарда жалпы білім беретін сыныптарға және гимназиялық сыныптарға вариативтік компонент «Жаһандық құзыреттілік» курсы оқуға бөлінген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы қоршаған ортаны бағалау, оқушы бойындағы жекелеген қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын орындауды жүзеге асыру мақсатында инвариантты компонент толық сақталды. 5-9 сыныптардағы гимназия сыныптарына дене шынықтыру: спорттық ойындар «Бассейн-суда жүзу» сабағы алынды. Денсаулықты нығайтуға, ағзаның шынығуына, оқушылардың дұрыс дене бітімін дамытуға ықпал етуге, өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен ептіліктерін үйретуге, оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға бағытталған. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын жасалады, тамыз айында өткізілетін №1 мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласының білім бөлімі» ММ сараптауынан өтеді.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентінің сағаттары есебінен таңдау бойынша мынадай курстарды "Жаһандық құзыреттер" 5-8-сыныптарында (аптасына 0,5 сағат), 9-11 сыныптарда аптасына 1 сағат өткізу ұсынылады. Гуманитарлық бағытты сақтау мақсатында жұмыстық оқу жоспарындағы берілген 7-9 сыныптардағы гимназия сыныптарының вариативті сағаттар мына төмендегі курстарға бөлінген: «Ыбырайтану», «Ахметтану», «Бейімбеттану», «Бәрін білгім келеді», «Қазақстанның киелі жерлері», «Salut I amі», «Ұлы дала даналығы».

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ бағыты Вариативті компоненттің мазмұны білім алушылар мен ата – аналардың сұранысын, кадрлық құрам мен мектептің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін ескере отырып таңдалды.

Вариативті оқу жүктемесіндегі таңдауы бойынша сабақтар оқушы қызығушылығын ескере отырып, дамытушылық мақсатында бөлінді:

2в сыныбында таңдауы бойынша сабақтар. «Ыбырайтану», 3г сыныбында «Оық ойлы оқушы», 4г сыныбында «Бейімбеттану»-1сағ. Вариативтік компоненттегі таңдау сабақтарының мақсаты пәндік білімдерін кеңейту және білім қорын тереңдетуге бағытталған.

Сабақ кестесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі-Сжән) сәйкес жасалды (2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 өзгерістер мен толықтыруларымен). Сонымен, 1-11 сыныптарда СанПин сәйкес 2 және 3 сабақтардан кейін кемінде 20 минут 2 үзіліс қарастырылған, 5-11 сыныптарда оқу үдерісін оңтайландыру және үй тапсырмасының көлемін азайту үшін қосарланған сабақтар қарастырылған, сонымен қатар 1-4 сыныптарда кестеде қосарланған сабақтар қарастырылмаған. Сабақ кестесі мектептің кәсіподақ төрайымы, мектептің қамқоршылық кеңесімен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2023-2024 оқу жылында 10-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023ж. №194 бұйрығымен, 18.08 2023жылғы №264 бұйрығымен бекітілген ҮОЖ негізінде әзірленді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 86-қосымшасына, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарының 29-қосымшасына сәйкес құрылды.

Оқыту бағытын таңдау білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алу негізінде жүзеге асырылды.

Жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математика бағыты бойынша

10 «Ә», 11 «Ә» сыныптары оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына, табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді, мектеп пен кәсіптік білім арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Мектепте әр түрлі іс-әрекетте өзін сынап көру мүмкіндігі арқылы болашақ қызмет саласын саналы түрде таңдау үшін жағдайлар жасалады. Вариативтік компоненттен жалпы білім беретін сыныптар және гимназия сыныптарындағы 10-11 сыныптың оқу жұмыс жоспары «Жаһандық құзыреттілік» курстарымен толықтырылған. «Жаһандық құзыреттілік» білім алушыларды жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға Жалпы орта білім беретін сыныптарға жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқушылардың мамандық таңдауға қатысты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында төмендегідей элективті курс сабақтары алынды. Жоғары буындағы гимназия сыныптарына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша білім алушылар өз қалауы бойынша оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлеріндегі өзі үшін маңызды оқу пәндерін таңдайды. Жоғары буындағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 «А» гимназия сыныбы оқушыларының таңдауы бойынша міндетті оқу пәндері қатарына тереңдетіліп оқыту деңгейінде 2 пән: «шетел тілі (ағылшын тілі)» және «құқық негіздері» және 2 сағат апталық жүктемемен стандарттық деңгейдегі 2 пән «физика» және «химия» енгізілген. 11 А гимназия сынып оқушыларының таңдауы бойынша міндетті оқу пәндері қатарына тереңдетіліп оқыту деңгейінде 2 пән: «дүниежүзі тарихы» және «география» және 2 сағат апталық жүктемемен стандарттық деңгейдегі 2 пән «биология» және «химия» енгізілген. Дене шынықтыру: спорттық ойындарға «Бассейн- суда жүзу» сабағы алынды. Денсаулықты нығайтуға, ағзаның шынығуына, оқушылардың дұрыс дене бітімін дамытуға ықпал етуге, өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары мен ептіліктерін үйретуге, оқушыларды салауатты өмір салтына баулуға бағытталған. Гимназия

сыныптарын үйлесімді және жан-жақты дамыту мақсатында курстардың кең спектрі ұсынылады.

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ тәрбие жұмысының негізі – «Табысты оқушылар мектебі» бағдарламасы. «Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ «табысты оқушылар мектебі» тәрбие бағдарламасы – бұл жетістіктер мен проблемаларды, негізгі тенденцияларды, тәрбиенің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен бағыттарын, оқушыларды дамытуды және тәрбие процесін кадрлық және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырудың ерекшеліктерін, білім беру жүйесінің инновациялық өзгерістерін, жоспарланған негізгі нәтижелерді сипаттайтын нормативтік және басқарушылық құжат.

Тәрбие жұмысын жоспарлау «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне», «ҚР-дағы барлық білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу процесінде тәрбие компонентін күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарға» сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Мектептің тәрбие жүйесі тұжырымдамасының мақсаты – оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, балалардың бойында адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру, бос уақыт қызметін ұйымдастыру және көпұлтты мемлекеттің мәдени-тарихи құндылықтары негізінде білім алушылардың азаматтық-патриоттық сезімдері мен санасын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- ✓ білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- ✓ оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- ✓ өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекеттерінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- ✓ мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- ✓ жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемдігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- ✓ қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу;

- ✓ балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- ✓ отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.
- ✓ құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша мектеп жұмысын жүзеге асыру;
- ✓ ұлттық тәрбие мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру шеңберінде ұмытылған дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен мұра» жобасын іске асыру;
- ✓ «Адал ұрпақ» ерікті клубының, «Адалдық дүкенінің» жұмысы арқылы білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті бойынша жұмысты жетілдіру;
- ✓ «Жақсылық жасап жарысайық!» әлеуметтік қайырымдылық жобалары шеңберінде жасөспірімдерде мейірімділік, ізгілік, сұлулық және жалпы адамгершілік идеяларын жүзеге асыруды қалыптастыра отырып, еріктілер қозғалысын дамыту;
- ✓ Отбасылық тәрбие, отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ әкелердің рөлін күшейту бойынша «Әкелер мектебі» мен «Аналар мектебі» клубының жұмысын жүзеге асыру;
- ✓ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын жүзеге асыру аясында білім алушылардың елдің, кіші Отанның мәдени және тарихи мұрасын зерттеу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Оқушылардың болашақ мамандығына қызығушылығын қалыптастыру;
- ✓ Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру;
- ✓ Ұжымдық-шығармашылық істер, үйірмелер, спорт секциялары, таңдау бойынша пәндер, факультативтер, тәрбиелік іс-шаралар арқылы білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;
- ✓ «Ділмәр»дебаттық қозғалысты, шешендік өнерді дамыту.

Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажетті нормативтік-құқықтық база, тиісті ережелер бар:

- ҚР Конституциясы
- БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы
- «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
- Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Балалардың денсаулығына, дамуына әсер ететін ақпараттардан қорғау» туралы Қазақстан Республикасының заңы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері
- Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері;
- Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жоспары;
- «Туған жер» патриоттық жобасын іске асыру аясында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы «Тілдер туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.

Тәрбие жұмысында Қазақстандық және шетелдік авторлардың әдістемелік ұсынымдары, әдістемелік әдебиеттері пайдаланылады.

«Табысты оқушылар мектебі» тәрбие бағдарламасын іске асырудың мақсаты: салауатты, бәсекеге қабілетті, сын тұрғысынан ойлайтын көп мәдениетті, шығармашылықпен дамыған, әлеуметтік бағдарланған, үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда барабар мақсат қоюға және жауапты таңдауға қабілетті, білім беруді әмбебап құндылық ретінде қабылдайтын және оны өмір бойы жалғастыруға дайын тұлға сұлбасын құруға бағытталған.

Келесі бағдарлар басым:

- мейірімділік;
- еріктілік;
- жетістік;
- білім;
- денсаулық;
- құқықтық тәртіп;
- талант;
- сұлулық;
- тәртіп;
- белсенділік.

Барлық тәрбие жұмысы келесі бағыттарға сәйкес құрылады:

- Азаматтық-патриоттық – «Отанның жетістіктері – азаматтың жетістіктері», «Рухани жаңғыру»;
- Салауатты өмір салты – «Денсаулық – табыс кепілі»;
- Экологиялық, ЖҚЕ, ӨҚН – «Қауіпсіз өмір – табысты өмір»;
- Құқықтық – «Заңға бағынатын азамат – табысты тұлға»;
- Рухани-адамгершілік – «Жақсылық жолы – табыс жолы»;
- Ұлттық – «Көпұлтты қоғам табысының негізі»;
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық – «Шығармашылық – табысқа апарар жол»;
- Интеллектуалдық-әлеуметтік – «Жетістік баспалдақтары»;
- Отбасы – «Отбасы – табысты тұлғаның бесігі»;

- Волонтерлік – «Өзіңнің жылуыңмен бөліс»;
- Пікірталас – «Сөйлеу, сендіру, дәлелдеу»;
- Психологиялық – «Табысты адамның психологиясы»;
- Ақпараттық – «Мектеп жаңалықтары», «Мектеп сайты», «Мектеп Instagram, VK » парақшалары.

«Табыс оқушылар мектебінің» тұжырымдамалық ережелері:

1. Баланың жетістігі – баланы әлеуметтендірудің қажетті шарты;
2. Оқушылардың жетістігі – оқушылардың психологиялық әл-ауқатының қажетті шарты және олардың денсаулығының негізі;
3. Оқушының жетістігі – әр түрлі қызмет түрлерінде (шығармашылықта, спортта, ғылымда және т. б.) білім алушының нақты жетістіктерінің нәтижесі;
4. Жетістік – білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі тануының негізі.

Тәрбие процесін қамтамасыз етудің негізгі құралдары:

- ата-аналармен жұмыс;
- сынып ұжымдарының параллелімен жұмыс;
- сынып ұжымымен жұмыс;
- жалпымектептік ұжымдық – шығармашылық іс-шаралар;
- үйірме қызметі;
- спорттық-сауықтыру қызметі;
- мерекелер, концерттер.

Тәрбие саласындағы басқарушылық міндеттер анықталды:

- білім алушылардың білім беру, мәдени және әлеуметтік қызметінің себептерін анықтау және дамыту;
- білім алушылардың шығармашылық – жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру ортасы компоненттерінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіру;
- қаланың қосымша білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты кеңейту.

Тәрбие формаларын таңдау мыналарға негізделген:

- педагогикалық мақсаттылық;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін;
- балалар ұжымының даму ерекшеліктерін және оның дәстүрлерін талдау;
- тәрбиенің өңірлік компонентін есепке алу;
- мектептің техникалық және материалдық мүмкіндіктері;
- сынып жетекшілері мен қосымша білім беру педагогтарының кәсібилігі деңгейінде.

Бірнеше жыл ішінде мектепте қызықты, шығармашылық істер, оның негізгі компоненттері төңірегінде құрылған өзіндік білім беру жүйесі қалыптасты:

- ✓ Қыркүйек – Білім күні, «Кел, балалар, оқылық!» оқушыларға арналған салтанатты жиын; Тіл мерекесіне орай «Ұлы тұлғалардың тіл туралы ойлары» шығармашылық жұмыстар, «Тіл – асыл қазына» атты сынып сағаттар; Отбасылық күні мерекесіне орай «Бақыт бұл..» асфальтқа сурет салу, «Менің отбасымның бақытты сәттері» отбасылық суреттер көрмесі, «Отбасы – бақыт мекені» атты сынып сағаттар, «Отбасылық дәстүрлер қобдишасы»; Денсаулық күніне орай апталық, эстафеталық ойындар, «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» атты бекеттерден өту ойыны, «Дартс» ойынынан жарыс, «Гір тасын көтеру» жарысы, «Тарих толқынында» атты квест ойынары, «Тіл – тарихтың айнасы» атты зияткерлік сайыс;
- ✓ Қазан – «Ұстаз – ұлы есім» мерекелік құттықтаулар, «Ұстаздар күніне» орай мекреклік концерт, Қарттар мерекесіне орай сынып сағаттар, «Қарттарым – асыл қазынам!» фотосуреттер көрмесі, «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымын

- құру, «Қашықтан жаттығу жасау» челлендж, Халықаралық қыздар күніне орай, «Қыздарға әсемдік жарасады» атты фотосуреттер көрмесі, қарттар мерекесіне орай, қаламыздағы қарттарға «Жақсылық жасап жарысайық» атты акциялар, «Өз қолымен робот жасау» атты бұйымдар көрмесі, «Тир ату» жарысы, Құтқарушылар күніне орай «Мен құтқарушы болғым келеді» атты онлайн көрме, «Алтын күз» атты сәнді киім жасау байқауы, Мектепшілік «Қазына іздеушілер» квест ойын, «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» атты күзгі балл кеші, «Ар – ұждан үні» сыныптан тыс сабақ, «Дарабоз» зияткерлік сайыс;
- ✓ Қараша – «Жұлдызды сәт» ән байқау, «Адал болу, адамға не үшін қажет?» сынып сағаттар, «Дені саудың – жаны сау» ата-аналар мен оқушылар арасындағы сайыс, Бейімбет Майлиннің туған күніне орай, әңгімелерін суреттеу, қойылымдар көрсету, «Мектеп Парламентіне» іріктеуден өткен, мектеп оқушыларын қабылдау рәсімі, Оқушылар мен қызметкерлер арасында «Қылмыстар мен суицидтердің алдын алу» бойынша құқықтық түсіндіру жұмыстары, Бейімбет Майлин шығармашылығына арналған «Портреттік сабақтар», «Біз дені сау өмірді таңдаймыз» дәріс, «Біз де оқимыз, сен де оқы» сұхбат, «Ойлан, ізде, тап!» атты квест ойын;
 - ✓ Желтоқсан – сыныптан тыс іс-шаралар, «Әлем әдебиетін оқудың қажеті жоқ деп есептейді» пікірсайыс, «Біз отбасымызбен оқимыз» видеосайыс, «Менің сүйікті шығармам» буктрейлер сайысы, «Мен оқыған кітап» постер қорғау сайысы, «Әдептілік - әдемілік» атты тәрбие сағаты, «Жайдарлы жас ұлан!» атты жайдарман ойыны, «Жақсылық жасап жарысайық» атты акция, «Тәуелсіз елдің ұландары» атты бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі.
 - ✓ Қаңтар – «Жаңа жыл – отбасылық мереке» суреттер көрмесі, «Өз қолыңмен жасалған сыйлық – ең керемет сыйлық!» бұйымдар жасау, «Жаңа жылдық» би марафоны, «Көңілді аққала» байқауы, Мұғалімдер арасында «Көңілді мәре» жарысы, «Тәуелсіздік таңының жұлдызымыз!» атты интеллектуалды-танымдық ойын, «Жақсылық жасап жарысайық!» атты акциясы;
